

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ
БАСКАРМАСЫНЫҢ АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ЖАЛПЫ БІЛІМ
БЕРЕТІН Ә.ЖАНГЕЛДІН АТЫНДАҒЫ
ОРТА МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА ИМЕНИ А.ДЖАНГЕЛЬДИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА
АТЫРАУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

01.09.2021

ПРИКАЗ

№ 120

«Қамқоршылық» кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесін құру және оны сайлау тәртібі туралы» бұйрығының II тарау 8 тармағын басшылыққа ала отырып, мектепшілік 26.09.2018 жылғы №169 «Қамқоршылық» кеңесін құру туралы бұйрыққа өзгерістер енгізу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің өкілеттілігі үш жыл мерзімге төмендегідей бекітілсін:
 - 1) С.Арыстанова – төрайымы
 - 2) Қ.Адилова – мүше
 - 3) Қ.Байменова – мүше
 - 4) А.Бердигалиева – мүше
 - 5) Б.Шапауова – мүше
 - 6) Л.Бисенова – мүше
 - 7) Қ.Утепова – мүше
 - 8) Қ.Қалдыбаева – мүше
 - 9) А.Хасанов – мектеп түлегіН.Рафихова - хатшы
2. «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру мектепшілік ата-аналар кеңесінің төрайымы С.Арыстановаға міндеттелсін.
3. Осы бұйрықтың орындауын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Шаяхметова мен С.Турлановаға жүктелсін.

Мектеп директоры



М.Хабиева

000120

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы

Хаттама № 1

01.09.2021ж

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Арыстанова Салтанат

Хатшы: Н.Рафихова

Қатыскандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Қ.Адилова

Ф.Аубекерова

А.Бердигалиева

Б.Шапауова

Л.Бисенова

Г.Аубекерова

Т.Досақов

А.Хасанов

Күн тәртібінде:

- I. «Қамқоршылық» кеңесіне жаңа мүше сайлау.
- II. 2021-2022 оқу жылының «Қамқоршылық» кеңесінің жоспарын құру,бекіту.

Тыңдалды:

I ші мәселе бойынша кеңес төрайымы С.Арыстанова сөйлеп,отырыстың мәселелерімен таныстырып өтті. Кейбір кеңес мүшелерінің белгілі себептерге орай құрамнан босап, орнына жаңадан құрам сайланатындығын да ескертті. Кеңестің жаңа мүшелерінен жазбаша келісім алынғандығын айтып,Яғни жаңа құраммен таныстырып та өтті.

Қ.Адилова- жеке кәсіпкер

Қ.Байменова-зейнеткер

Л.Бисенова- кітапхана қызметкері

Қ.Утешова- көп балалы ата-ана

Қ.Қалдыбаева-бала бақша қызметкері

А.Бердигалиева-

Б.Шапауова-

А. Хасанов-жеке кәсіпкер

Сөйлеушілер:

Б.Шапауова -кеңестің мүшесі

-Қайырлы күн,кеңес мүшелері осы «Қамқоршылық» кеңесіне 2018жылдан бастап сайланып, мектеп төңірегіндегі мәселелер барысында жұмыс жасап келдік.Қазіргі күні белгілі себептерге орай кеңес жұмысынан босатылып отырмын.Алдағы кеңес жұмысына сәттілік тілеймін.

Қ.Адилова-кеңестің мүшесі

«Қамқоршылық» кеңесінің жұмысы үлгілік ережелерге сүйене отырып жасақталды.Алдағы жылға құрылған жұмыс жоспарына сүйене отырып бірлесе жұмыс жасайық дегім келеді.

Шешім:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кеңестен босатылған мүшелердің орнына ұсынылған жаңа құрам бекітілсін.Жаңа оқу жылына жасақталған жоспары бойынша кеңес жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Мүшелері:



С.Арыстанова

Қ.Адилова

Қ.Байменова

Л.Бисенова

Қ.Утешова

Қ.Калдыбаева

Хатшы:

Н.Рафихова

«Қалалық білім бөлімі» мекемесіне қарасты жалпы білім беретін
«Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы

Хаттама №2

Атырау қаласы

03.11.2021 ж

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Арыстанова Салтанат

Хатшы: Н.Рафихова

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Қ.Адилова

Қ.Байменова

Л.Бисенова

Қ.Утепова

Қ.Қалдыбаева

Қатыспағандар:

А.Бердигалиева

Б.Шапауова

А.Хасанов

Шакырылғын: Жалпы білім беретін «Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» бос директорлық лауазымына жарияланған конкурс бойынша құжат тапсырған кандидат: Султанова Алтын Амангелдыевна

Күн тәртібінде:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық ұйымдастыру және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидалары» бұйрығы негізінде «Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» бойынша бос директорлық лауазымға кандидатты ұсыну.

1.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшесі Қ.Байменова мәлімдеме жасап, кеңес отырысы мүшелері мен кандидаттыққа үміткерді таныстырды.

-Мектеп директорының бос лауазымдық орнына кандидаттық үміткер осы мектептің директорын оқу ісі жөніндегі орынбасары Султанова Алтын Амангелдыевна түсіп отыр.

Алтын Амангелдыевна 15 шілде 1975 жылы туған. 1994 жылы Қ.Дүтбаева атындағы Атырау педагогикалық училищесін, 2007 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің физика және информатика факультетін бітірген. Білімі –жоғары. Педагогикалық еңбек өтілі – 31 жыл, педагог-зерттеуші. Басқару қызметіндегі еңбек өтілі – 5жыл, тәртіптік жазалары жоқ ,сотталмаған.

Алдымен сөз кезегін кандидатқа ұсынайық,өзінің мектепті дамытуда қандай перспективалық жоспары бар екенін танысып шықсақ:

Сөйлеушілер:

1.Султанова Алтын Амангелдыевна:

-Қайырлы күн, құрметті кеңес мүшелері, бүтінгі мектепті дамытудағы перспективалық жоспарымдағы менің алға қойған басты мақсатым білім сапасын жаңғырту жағдайында мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді жетілдіру, білім алушының сапалы білім алуына жағдай жасау, әр білім алушының қабілетін ашуда қолайлы білім беру ортасын құру, мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, мектеп қоғамдастығында өзара сенім орнатып, ұжымымда мектеп мәдениетілігін қалыптастырып, бірлескен жұмысқа тарту арқылы мектепке оң өзгерістер енгізуді басты назарда ұстап отырмын.

Мектепті дамытуда ең алдымен алдыма мынадай мақсат қойдым: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін білім берудегі көшбасшылық арқылы дамыту, оқушының әлеуетіне сай құндылықтар негізінде оқу мен оқытудың сапалы жүйесін құру.

Іс-әрекетті бастауда зерттеу арқылы оқыту мен оқу тәжірибесін қалай жетілдіруге болады?-деген сауал мені толғандырды. Мектепті қалай дамытамын? Нені өзгерту керек? Қалай өзгертуге болады? –деген нақты сауалдармен қадамдар жасай отырып мектепті дамытудың болжамды нұскасын дайындадым. Ол үшін ең алдымен мектепті дамытуды негізгі төрт кезеңнен бастауды негіздеймін:

1.Оқыту мен оқуға жетекшілік ету-бұл жерде ең басты индикатор-білім алушы болғандықтан, білім алушының сапалы білім алуына жағдай жасауда мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігін бақылауды басты назарда ұстау

2.Өзімнің дамуым және басқаларды дамыту:

-Білім беру жүйесін басқаруда заманауи басшының басқару дағдыларын жетілдіру, көшбасшылық пен бөлінген көшбасшылықты қолдану, мектепшілік менеджмент қағидағтары мен заңдылықтарына негіздеу

3.Жетілдіру, инновациялар мен өзгерістерді енгізуге жетекшілік ету:

Бұл орайда, ұжымда коллаборативті орта жасау арқылы педагогтардың өзгеріс үдерісіне қатысуына ықпал ету, оқыту мен оқу үдерісіне инновациялық, әлеуметтік жобаларды енгізу, табысты идеяларды іске асыруда халықаралық тәжірибелерге сілтеме жасау

4. Жергілікті қауымды бірлескен жұмысқа тарту:

Мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігін бақылау және эвалюациялау арқылы әр жұмыстың оң бойында сапаны бағалап отыру

Бұл бағытта мектепті дамыту жоспарымда басты басымдықты 7 бағытта жоспарлап отырмын:

1. Сапалы білім алуға жағдай жасау. Оқыту мен оқу, бағалау;

2. Көшбасшылық және басқару;

3. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылығын дамыту;

Дарынды оқушылар мен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуына үйлесімді қолайлы орта қалыптастыру.

4. Көпмәдениетті кеңістікте даму үшін жағдай;

5. Білімнің қолжетімділігі-мектептің материалдық базасын нығайту;

6. Педагогтардың біліктілігін арттыру. Кәсіби құзіреттілігінің дамуы;

7. Мектеп мәдениеті және серіктестік;

Әрі қарай үміткер А.Султанова мектепті дамытуда жеті қадамның негізгі іс-әрекетін жоспарлы таныстыра отырып, әр жұмыстың бес жылдық болжамды нәтижелерін белгілі бір уақыт негізінде жоспарлау, ұйымдастыру, іс-әрекетті үйлестіру, ынталандыру және бақылау арқылы нәтижеге жету көрсеткіштерін нақты қол жеткізетін белгілі бір уақыт аралығында орындауды санамен байланыстырып

таныстырып шықты. SMART мақсатқа негізделген перспективалық жоспарының жаңа форматымен таныстырды.

Сөйлеушілер:

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныс-пікірлері:
1.Қ.Байменова:

-Мектептегі ерекше білімді қажет ететін оқушылармен қандай жұмыстар жүргізіледі және болашақта осы балаларға арнайы кабинетпен қамтамасыз ету жоспарыңызда бар ма?

А.Султанова:

-Ерекше білімді қажет ететін балаға инклюзивті оқытуды жүзеге асыруды, қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграциялауды басты назарда ұстаймын деп жоспарлап отырмын. Олай дейтінім қазіргі таңда мектебімізде арнайы ерекше білімді қажет ететін сыныптарда білім алушыларымыз оқып отыр. Инклюзивті оқытуды негізінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыруды да оңтайландыру, толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында арнайы кабинеттерге сұраныс беруді жоспарлап отырмын. Өйткені оларды оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педогогикалық қолдауды қамтамасыз ету, мектепте ерекше білімді қажет ететін балаларға кедергісіз аймақ құруды, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие үдерісінің ерекшелігінде ескерген жөн деп ойлаймын.

2.Қ.Адилова:

-Алдымыздағы уақытта оқушылардың пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысуына қандай ықпал жасар едіңіз?

А.Султанова: Оқушыларға мотивация беру арқылы жүлдегерлерді марапаттау, яғни, үздіктер тақтасына ілу, әлеуметтік желілерде, мектебіміздің жеке сайтына жариялау, вертуалды үздіктер байланысын орнатамын. Халықаралық зияткерлік олимпиадаға қатысқан білім алушылар мен жетекшілеріне мемлекеттік сыйақы тағайындалады, оның ішінде осындай конкурстарға қатысқан түлектерге мемлекеттік грантпен қамтамасыз етуге жағдай жасалады.

Шешім :

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ә.Жангелдин атындағы орта мектептің бас директорлық лауазымына қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір ауыздан дауыс басымдығымен үміткер Султанова Алтын Амангелдыевнаның перспективалық даму жоспары қанағаттандырылып, кандидатқа ұсынылды.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Мүшелері:



Хатшы:

Арыстанова

Қ.Адилова

Қ.Байменова

Л.Бисенова

Қ.Утепова

Қ.Қалдыбаева

Н.Рафихова